

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ  
ЖҰМЫС ТӘРТІБІ МЕН НЕГІЗДЕРІ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер**

**Мақсаты мен қолдану аясы**

**1-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының жұмыс тәртібі мен негіздерін реттеу мақсатын көздейді.

**Негіздеме**

**2-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-ші (с, е тармақшалары), 17-ші және 24 баптарына сәйкес жасақталды.

**Қысқартылған сөздер**

**3-бап.** (1) Осы регламенттегі қысқартылған сөздер тәмендегідей:

а) Тексеру комиссиясы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін Тексеру комиссиясы,

б) Өкілетті Кеңес Басқармасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы,

с) Өкілетті Кеңес төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы,

д) Тарап мемлекеттер: Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы,

е) Жарғы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы,

ф) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мағынасын білдіреді.

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**Тағайындау, қызмет міндеттері, құзыреттер мен жауапкершіліктер**

**Тағайындау**

**4-бап.** (1) Өкілетті Кеңес төрағасы және мүшелері, Тарап мемлекеттер арасындағы Келісім мен Жарғы ережелеріне сәйкес тағайындалады. Мүшелер, университетке қатысы бар мекемелер назарға алынып таңдалады.

**Қызмет міндеттері, құзыреттер мен жауапкершіліктер**

**5-бап.** (1) Өкілетті Кеңес төрағасы

а) Университеттің ең жоғары шешуші органды болып табылатын Өкілетті Кеңестің басқарушы өкілі болып табылады.

б) Өкілетті Кеңеспен бірге, университет қызметтерін халықаралық Келісім, Жарғы, регламенттер мен Өкілетті Кеңес шешімдеріне сәйкес орындалуын бақылаң, тексеру жұмыстарына қатысты Тарап мемлекеттері үкіметтерінің адъында жауапты.



с) Өкілетті Кеңес мәжілістерінің өткізілетін орнын, уақыты мен күн тәртібін Кеңес мүшелері және ректормен ақылдасып, анықтайды.

д) Өкілетті Кеңес мәжілістеріне төрағалық етіп, мәжіліс хаттамаларының жүргізуін қамтамасыз етеді.

е) Өкілетті Кеңес мүшелерінің тағайындау, жол және іс-сапар шығындарын төлеу жұмыстарын жүргізеді.

ф) Өкілетті Кеңес тарарапынан бекітілген университет бюджетін ТарараЛ елдерге білдіреді.

г) Өкілетті кеңес және Тексеру комиссиясы мүшелігіне тағайындау жөнінде ТарараЛ мемлекеттерге ұсыныс береді.

х) Өкілетті Кеңес тарарапынан жүктелген басқа да қызметтерді орындайды.

и) Ректоратта қызмет етіп келе жатқан Түркиялық қызметкерлер мен барлық шығындары Түркия Республикасы тарарапынан қамтамасыз етілетін Қазақстаннан тыс жерлердегі университет құрылымдары Өкілетті Кеңес төрағасына бағынады.

ж) Қаржы жұмсауға құқылы басшы ретінде Өкілетті Кеңес тарарапынан бекітілген штаттық кестеге сай Өкілетті Кеңес құрылымдарының әкімшілік жүйесін құрады, қажетті қызметкерлерді тағайындаиды және қызметтен босатады, ректорат қажеттіліктеріне қарай әкімшілік және академиялық қызметкерлерді тағайындаиды, келісім шарттарға қол қояды және күшін жояды.

ж) Қаржы жұмсауға құқылы басшы ретінде өзіне бағынышты құрылымдарын қызмет міндеттерін халықаралық келісімдер, Жарғы және регламент ережелеріне сәйкес орындалуына, қаржы көздерін тиімді және өнімді қолдануын қамтамасыз етуіне, мақсаттан тыс қолданудың алдын алуға, қаржы бақылау мен тексеру жүйесінің қызметін бақылауға жауапты.

л) Қаржы жұмсауға құқылы басшылық қызметтерін Өкілетті Кеңес Басқармасы қаржы жұмсауға құқылы өкіл арқылы іске асырады.

(2) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарарапынан тағайындалған Өкілетті Кеңес Басқармасының Әкімшілік және қаржы істері координаторы/бас хатшысы Өкілетті Кеңес Басқармасының қаржы жұмсауға құқылы өкілі болып табылады.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Соңғы және басқа да ережелер

#### Төлемдер

**6-бап.** (1) Өкілетті Кеңес төрағасы және мүшелеріне жасалатын төлемдерге қатысты ережелер мен тәртібі Жарғы бойынша регламенттермен реттеледі және Өкілетті Кеңес бюджетінен төленеді.

#### Күші жойылған ережелер

**7-бап.** (1) Осы тәртіп пен негіздерінің күшіне енгеннен кейін 11 қантар 1994 жылғы Өкілетті Кеңестің 1-мәжілісінде (№1 шешім) қабылданған «Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті Өкілетті Кеңесінің жұмыс тәртібі мен негіздері регламенті» өз күшін жояды.

#### Күшіне ену

**8-бап.** (1) Бұл регламент 2012 жылы 01 шілдеде өз күшіне енеді.



## Жүзеге асыру

**9 бап.** (1) Бұл регламенттің ережелерін Өкілетті Кеңес төрағасы жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім №: 17.2.1

